«Кентау қалалық жер қатынастары бөлімі» ММ

Бұйрық

№ 4 **«15» қаңтар 2026 жыл**

Көрсетілетін қызметтерді бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 01 шілдедегі «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16-бабы, 3 тармағына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН**:

1) тармақшасы бойынша: табиғи монополиялар салаларына жататын көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуы;

25) тармақшасы бойынша: Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған тұлғадан тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

28) егер біртекті тауарлардың құндық мәндегі жылдық көлемі айлық есептік көрсеткіштің бір жүз еселенген мөлшерінен аспаса, осындай біртекті тауарларды, егер біртекті жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің құндық мәндегі жылдық көлемі айлық есептік көрсеткіштің бес жүз еселенген мөлшерінен аспаса, осындай жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді, ал аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары үшін республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт мың еселенген мөлшерінен аспайтын мемлекеттік сатып алуы;

38) тармақшасы бойынша: Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес актіде айқындалған тұрғын емес мақсаттағы ғимаратты, құрылысты, құрылысжайды, үй-жайды жалға алу қызметтерін;

39) тармақшасы бойынша: Қазақстан Республикасы мүгедектігі бар адамдарының қоғамдық бірлестіктерінен шарттың жобасы мемлекеттік сатып алудың электрондық көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай нүктесін ұсынатын мемлекеттік органның ақпараттық жүйесінде, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 394-бабы бірінші бөлігінің 11) тармақшасында Қазақстан Республикасы мүгедектігі бар адамдарының қоғамдық бірлестіктеріне тиесілігіне сәйкестігі тұрғысынан тексеруден өткен Қазақстан Республикасы мүгедектігі бар адамдарының қоғамдық бірлестіктерінен инватакси көрсететін қызметтерін мемлекеттік сатып алуы жүзеге асырылсын.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бөлімнің сектор меңгерушісі **Шаманов Абдирахман Анатбековичке** жүктелсін.

Бөлім басшысы **А.Баубек**